

"Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 сәуірдегі N 338 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Ойын бизнесі туралы

Осы Заң ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыруға байланысты қоғамдық қ а т ы н а с т а р д ы р е т т е й д і .

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) құмар ойын - тәуекелге негізделген, қатысушылардың өз арасында не ойын мекемесімен жасалған, оқиғаның нәтижесіне олар қатысатын ұтыс туралы келісім;
- 2) букмекер кеңсесі - ойын мекемесін ұйымдастырушы мен барлық қатысушылар арасында бәс тігу жасалатын ойын мекемесі;
- 3) ұтыс - құмар ойынында немесе бәс тігуде төленген және алынған қаражат сомаларының арасындағы айырма ретінде айқындалатын ақша немесе өзге де мүлік түріндегі мүліктік пайда;
- 4) төлем - ойын (бәс тігу) нәтижелерін шығарғаннан кейін құмар ойыны (бәс тігу) қатысушысы алуға жататын ақша сомасы немесе өзге де мүлік;
- 5) ойын автоматтары залы - құмар ойындарын ұйымдастыру мен өткізу үшін ойын автоматтары пайдаланылатын ойын мекемесі;
- 6) ойын мекемесі - ұтыс алуды көздейтін, лицензия негізіндегі құмар ойындары және (немесе) бәс тігу өтетін ғимарат, үй-жай, құрылыс;
- 7) ойын бизнесі - құмар ойындарын және (немесе) бәс тігуді ұйымдастыруға және өткізуге байланысты кәсіпкерлік қызмет;
- 8) ойын жабдығы - құмар ойындарын және (немесе) (бәс тігу) өткізуге арналған және сол үшін пайдаланылатын құрылғы немесе құралдар;
- 9) ойын автоматы - ойын мекемесінің ұйымдастырушысы орнатқан және құмар ойындарын өткізу үшін пайдаланылатын (ойын мекемесі ұйымдастырушысының қатысуынсыз) ойын жабдығы (механикалық, электрлі, электрондық және өзге де

техникалық

жабдық);

10) казино - ойын жабдықтарын пайдалана отырып құмар ойындары өткізілетін ойын мекемесі;

11) касса - құмар ойынына қатысу үшін қолма-қол ақшаны заңдастырылған белгілерге ұсақтау (айырбастау) бойынша қызмет көрсетулер жүргізілетін, ставкалардың жалпы сомасы ескерілетін және төлем мен ұтыстың сомасы айқындалатын ойын мекемесіндегі ойын мекемесінің ұйымдастырушысы арнайы жабдықтаған орын;

12) заңдастырылған белгілер - ойын мекемесінің кассалары арқылы сатылатын және құмар ойындарына қатысу үшін ойын мекемелерінде пайдаланылатын, қолма-қол ақшаны алмастыратын белгіленген номиналдағы фишкалар, жетондар;

13) міндетті резервтер - ойын мекемесін ұйымдастырушысының меншік құқығындағы немесе несиеге алынған және салымдарды бірінші талап бойынша (талап етуге дейінгі салым) және осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес олар пайдаланатын салымды (депозитті) беру шартымен банктік салым шарты (депозиті) негізінде Қазақстан Республикасының аумағында екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған ақша;

14) онлайн-казино - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан бағдарламалық-аппарат кешенін пайдаланатын және құмар ойындарын нақты уақыт ауқымында жалғыз пайдалану режимінде де, көпшілік пайдалану режимінде де ұйымдастыру және өткізу мүмкіндігін іске асыратын және төлемдер мен ұтыстардың болуын көздейтін ойын мекемесі;

15) ойын бизнесін ұйымдастырушы - осы Заңда және Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес берілген лицензияның негізінде ойын бизнесі саласындағы қызмет түрлерін жүзеге асыратын, коммерциялық ұйым нысанында құрылған заңды тұлға;

16) бәс тігу - қатысушылардың өз арасында не ойын мекемесімен жасалған, оқиғаның нәтижесіне олар қатыспайтын, тәуекелге негізделген ұтыс туралы келісім;

17) бағдарламалық-аппарат кешені - міндеттер кешенін орындауды автоматтандыруға мүмкіндік беретін және ақпараттық жүйелер мен ресурстардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін техникалық және бағдарламалық құралдар;

18) тотализатор - ойын мекемесін ұйымдастырушының делдалдғы кезінде қатысушылардың арасында бәс тігу жасалатын ойын мекемесі;

19) уәкілетті орган - ойын бизнесі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2-бап. Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда, осы Заңда қамтылғандардан өзге ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

1 . О с ы З а ң :

1) ойын бизнесін ұйымдастырушылардың құқықтық жағдайы мен қызметінің ерекшеліктеріне байланысты;

2) ойынның және (немесе) бәс тігудің өзін өткізу және ұтысты алу кезінде ойын бизнесін ұйымдастырушы мен құмар ойындары және (немесе) бәс тігу қатысушылары арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді.

2. Осы Заңның күші лотереяларды ұйымдастыруға және өткізуге, сондай-ақ ақшалай ұтыстарсыз ойын автоматтарын пайдалана отырып, қызмет көрсетуге спорттық іс-шараларын, оның ішінде боулинг (кегельбан), картинг, бильярд және басқаларын өткізуге байланысты қызметке қолданылмайды.

4-бап. Ойын бизнесі саласындағы қызметтің негізгі қағидаттары

Ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асырудың негізгі қағидаттары:

1) ойын бизнесі қатысушыларының құқықтарын және заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

2) ойын бизнесі ұйымдастырушының өз қызметін жүзеге асыру заңдылығын қамтамасыз ету болып табылады.

5-бап. Ойын бизнесі саласындағы мемлекеттік реттеу

Қазақстан Республикасының ойын бизнесі саласындағы қызметті мемлекеттік реттеуді және бақылауды уәкілетті орган және өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Ойын бизнесі саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу нысандары:

ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыру тәртібін белгілеу;

Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асыру;

ойын бизнесі саласындағы қызметке мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру болып табылады.

6-бап. Ойын бизнесі саласындағы қызмет түрлері

Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметтің мынадай түрлері жүзеге асырылады:

1) казино қызметі;

2) ойын автоматтары залының қызметі;

3) букмекер кеңсесінің қызметі;

4) тотализатор қызметі.

Осы бапта санамаланбаған ойын бизнесі саласындағы қызмет түрлерін, оның ішінде онлайн-казино қызметін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының аумағында жол берілмейді.

7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) казино және ойын автоматтары залдарының орналасуы тиіс аумағын және оның шекарасын айқындайды;

2) уәкілетті органды айқындайды.

8-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

1) ойын бизнесі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және бақылауды жүзеге асырады;

2) ойын бизнесі саласындағы заңнамаларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

3) ойын бизнесін ұйымдастырушының осы Заңның 13-бабында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі мен нысандарын бекітеді;

4) Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға ойын жабдықтарының сәйкестігін бақылауды жүзеге асырады;

5) заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия береді.

9-бап. Ойын бизнесі саласындағы қызметті лицензиялау

Ойын бизнесі саласындағы қызметті лицензиялау осы Заңға және Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ойын бизнесі саласындағы қызмет әрбір ойын мекемесіне лицензияға өтініш беруші көрсеткен, бірақ 10 жылдан аспайтын мерзімге ойын бизнесін ұйымдастырушыларына берілетін лицензиялар негізінде жүзеге асырылады.

Лицензиялық алымның мөлшері, есептеу мен төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес айқындалады.

10-бап. Ойын бизнесін ұйымдастырушыларға және ұтыстарға салық салу

Ойын бизнесін ұйымдастырушыларға және ұтыстарға салық салу Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

11-бап. Ойын мекемелерінің орналасуы

1. Казино мен ойын автоматтары залдарының орналасатын орын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын аумақтар шегінде белгіленеді.

2. Тотализаторлар, букмекер кеңселері тек тұрғын үйлік емес қордың бөлек тұрған ғимараттарында орналасуы тиіс.

Мемлекеттік билік органдарының, білім, денсаулық сақтау, мәдениет ұйымдарының ғимараттарында, сондай-ақ аэропорттарда, вокзалдарда және басқа да қоғамдық орындарда олардың орналасуына тыйым салынады.

12-бап. Ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыруға қойылатын жалпы талаптар

1. Бір казинода кемінде жиырма ойын столдары орнатылуы тиіс.

2. Ойын автоматтары залында кемінде елу ойын автоматтары орнатылуы тиіс.

3. Әр ойын автоматы Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы тиісті ойын жабдығына қатысты заңнамасында белгіленген техникалық регламенттерге, стандарттарға және өзге де міндетті талаптарға сәйкестігіне тестіленген және сертификатталған болуы тиіс.

4. Ойын бизнесін ұйымдастырушы құмар ойындарына және (немесе) бәс тігуге қатысушыларға ақы төлеуді және (немесе) ұтыстарды беруді жүргізілетін құмар ойындарының және (немесе) бәс тігудің ережелерінде көзделген мөлшерде және мерзімде, бірақ осы құмар ойындарының және (немесе) бәс тігудің нәтижелері шыққан сәттен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей төлем жүргізеді.

5. Ойын автоматтарын немесе олардың бөліктерін казинодағы және ойын автоматтары залдарындағы қабырғаларда, терезе мен есік ойықтарында монтаждауға тыйым салынады.

6. Ойын автоматына технологиялық түрде салынған ұтыс пайызы 80 пайыздан төмен болмауы тиіс.

7. Кассалар мен казиноның ойын орындары жазылған ақпаратты кемінде 7 тәулік сақтауды қамтамасыз ететін және барлық құмар ойынына қатысушылардың әрекеттерін тіркейтін бейне жазу жүйелерімен жабдықталуы тиіс.

8. Кассада немесе ойын мекемесін ұйымдастырушының шотында құмар ойынына және (немесе) бәс тігуге қатысушыға ұтысты беру үшін ақшаның жетіспеушілігі кезінде ойын мекемесін ұйымдастырушы осы Заңның 14-бабында белгіленген ережелерді ескере отырып, жетпеген сомаға міндетті түрдегі резервтерді пайдалануға міндетті.

13-бап. Лицензия алу үшін ойын бизнесін ұйымдастырушыларға қойылатын біліктілік талаптары

1. Ойын бизнесін ұйымдастырушыларға мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін санитарлық-эпидемиологиялық, өртке қарсы нормаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де талаптарға сәйкес келетін меншік немесе жалға алу құқығындағы ғимарат (ғимарат бөлігі) болуы;

2) меншік құқығындағы ойын жабдықтарының болуы;

3) клиенттердің, ойын мекемесі қызметкерлерінің жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қызметтердің болуы;

4) құмар ойындары және ставкаларды қабылдау өткізілетін ойын мекемесі жұмысының әзірленген ережелерінің, сондай-ақ мемлекеттік және орыс тілдерінде қолданылатын легитимациялық белгілердің үлгілері мен атауларының болуы;

5) ойын бизнесін ұйымдастырушылар үшін міндетті резервтер немесе банк кепілдігі түрінде қамтамасыз етуі мынадай сомада болуы:
казино - 25000 АЕК;
ойын автоматтары залы - 25000 АЕК;
тотализаторлар мен букмекерлік кеңселер - 5000 АЕК.

2. Ойын бизнесін ұйымдастырушы лицензия алу үшін уәкілетті органға (лицензиарға) ойын бизнесін ұйымдастырушының осы баптың 1-тармағында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынады.

14-бап. Міндетті резервтер

1. Міндетті резервтерді ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензиялар алуға үміткерлер, лицензияға өтініш берушілер әрбір қызмет түрі үшін осы Заңда белгіленген мөлшерде қалыптастырады және банктің клиентпен жасасқан шарты негізінде және бірінші талап ету бойынша (талап ету бойынша салым) салымды (депозитті) беру шартымен Қазақстан Республикасы аумағында екінші деңгейдегі банктерде салым (депозит) шартымен орналастырады.

2. Лицензияға өтініш беруші осы Заңда және Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда міндетті резервтерді орналастыруды қамтамасыз етуге міндетті.

3. Міндетті резервтер Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тек қана ойын мекемесін ұйымдастырушының құмар ойындарына және (немесе) бәс тігуге қатысушылардың ұтысын беру бойынша міндеттемелерін орындау мақсатында және тек ойын бизнесін ұйымдастырушының шотында және кассасында ақша жетпеген кезде ғана п а й д а л а н ы л у ы м ү м к і н .

4. Егер міндетті резервтердің сомасы осы Заңда белгіленген мөлшерден азайып кеткен жағдайда ойын бизнесін ұйымдастырушы осындай азайған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде міндетті резервтерді әрбір лицензияланатын қызмет түрі үшін осы Заңда белгіленген мөлшерге дейін толықтыруға міндетті.

5. Ойын бизнесін ұйымдастырушы кемінде алты айда бір рет уәкілетті органға салымдарда (депозиттерде) ақшасының болуы және оның әрекеті туралы анықтама ұсынады.

15-бап. Ойын мекемелеріне бару тәртібі мен ерекшеліктері

1. Құмар ойындарына және (немесе) бәс тігуге қатысуға жиырма бір жасқа толмаған жеке тұлғаларға тыйым салынады.

2. Ойын бизнесін ұйымдастырушының құмар ойындарын және (немесе) бәс тігуді өткізу ережесі құмар ойындары және (немесе) бәс тігуге қатысушылардың олармен

танысуы үшін ойын мекемесіндегі жақсы көрінетін жерге орнатылуы тиіс.

3. Ойын мекемесін ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін ойын мекемесіне еркін келуге шектеу қоюға құқылы.

16-бап. Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік

Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тартылады.

17-бап. Өтпелі және қорытынды ережелер

1. Осы Заң 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар заңды тұлғалар осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін:

1) өздерінің құрылтайшылық құжаттарын осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес келтіруге ;

2) осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес ойын мекемелерін ұйымдастырушылар қызметтерімен айналысу құқығына лицензияны қайта ресімдеуге міндетті.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті